«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ БАСҚАРМАСЫ» ММ

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ЕҢБЕК МОБИЛЬДІЛІГІ ОРТАЛЫҒЫ» КММ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ ГОРОДА АСТАНЫ»

КГУ «ЦЕНТР ТРУДОВОЙ МОБИЛЬНОСТИ» АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ

БҰЙРЫҚ

02 қыркүйек 2025 № 02-03/95-ө

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

город Астана

Астана қаласы әкімдігінің
«Еңбек мобильділігі орталығы»
КММ-нің 2024 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 02-03/122-ө бұйрығымен бекітілген
2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен өткізу,тікелей шарт жасасу

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 09 қазандағы № 687 Бұйрығының 506-509-тармағына сәйкес, «Веб-сайтты әзірлеу және жөндеу қызметтері,техникалық қолдау қызметте » қызметтерін қажеттілігіне байланысты сатып алуды **БҰЙЫРАМЫН:**

Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды **ЖШС «Өркендеу» ЖСН 200240034191**, жүзеге асыру. Сатып алуды келесідей негіздеңіз:
Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармағы: Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:
28) егер құндық мәндегі осындай біртекті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер құндық мәндегі осындай біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін біртекті тауарларды сатып алу - республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшері;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы: 506.Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

0007559

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не Тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

508. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру

туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасын сақтаумен жүзеге асырылады.

509. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор **О.Омар**